



Co-funded by the
Erasmus+ Programme
of the European Union



"AccelEd" жобасын № 618052-EPP-1-2020-1LT-EPPKA2-SVHE-SP грант туралы келісімге сәйкес
Erasmus+ қаржыландырады.

AccelEd News

№3 ШЫҒАРЫЛЫМ

Наурыз, 2022

Мазмұны

"Қазақстанда мейіргерлік білім беруді, зерттеулерді, практиканы дамытуды нығайту және дәлелдемелі мейіргер ісін пайдалану" тақырыбында дөңгелек үстел.....	2
Қазақстандағы медициналық университеттердегі сервистік дизайн.....	3
II Мастер-класс. Магистрлік және докторлық диссертацияларды бағалау критерийлерін әзірлеу.....	5
"Қазақстандағы мейіргерлік білім беру, зерттеулер мен практика: мейіргер ісінің болашағына инвестициялар" халықаралық конференциясы	6
Мейіргер ісі саласындағы мамандардың кәсіптік көшбасшылығын және әлеуетін кеңейту	7
2022 жылғы оқиғалар күнтізбесі	8
Байланыс деректеріміз	10
Парақшаларымызға тіркеліңіздер	10
2022 жылғы шығарылым кестесі.....	10

Дисклеймер

Материал тек автордың көзқарасын көрсетеді.

Еуропалық комиссия пайдаланылған кез келген ақпаратқа жауапты емес.

**«Қазақстанда мейіргерлік білім беруді, зерттеулерді, практиканы дамытуды нығайту және дәлелдемелі мейіргер ісін пайдалану»
дөңгелек үстел**

Құрметті оқырман!

AccelEd командасы «AccelEd – Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінде магистратура және PhD докторантура деңгейінде мейіргер ісін жетілдіру» жобасы аясында өтіп жатқан соңғы жаңалықтармен қуана бөліседі. Жоба басталған сәттен бастап бізбен бірге болғандарыңыз үшін алғыс айтамыз.



Жаңалықтар бюллетенінің екінші шығарылымында сапалы мейіргерлік зерттеу әдіснамасын зерделеуге бағытталған іс-шаралар туралы, Қазақстандағы денсаулық сақтау және білім беру мекемелері арасындағы ынтымақтастықты нығайту тәсілдері туралы білдіңіз.

2021 жылғы 3 желтоқсанда Астана медицина университетінде «Қазақстанда мейіргерлік білім беруді, зерттеулерді, практиканы дамытуды және дәлелдемелі мейіргер ісін қолдануды нығайту» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Бұл кездесу барлық мүдделі тараптарға жобаның нәтижелерімен танысуға, мейіргер ісі мен ғылымның өзекті мәселелері бойынша пікір алмасуға және Қазақстандағы мейіргер ісінің тұрақтылығын және одан әрі дамуын қамтамасыз ету мақсатында жоба нәтижелерін пайдалану жолдарын талқылауға мүмкіндік берді.

AccelEd жобасының командасы келесі іс-шараларды сәтті жүзеге асырды:

- Академиялық топтар мен практикалық денсаулық сақтау арасындағы ынтымақтастық арқылы дәлелдемелі мейіргер ісіне жәрдемдесудің халықаралық практикасына салыстырмалы талдау жүргізілді, сондай-ақ ұсынымдарды одан әрі әзірлей отырып, Қазақстанның медициналық университеттеріндегі мейіргер ісі саласындағы ынтымақтастықтың ағымдағы практикасына талдау жасалды.
- Дәлелдемелі мейіргер ісін енгізуді қолдау бойынша университеттер мен денсаулық сақтау мекемелері арасындағы ынтымақтастық құрылымдары мен процестерін дамыту бойынша ұсынымдар туралы есеп дайындалды және олардың қазақстандық қоғамға бейімделуі практикалық денсаулық сақтау өкілдерінің қатысуымен дөңгелек үстелде талқыланды.
- Кешенді жүйелі шолу бойынша тренинг аяқталды (Аделаида JVI институты), қатысушылар денсаулық сақтау саласында шешімдер қабылдау үшін және клиникалық ұсыныстар үшін ең сенімді дәлелдер ұсыну үшін әртүрлі дәлелдерге сенімді жүйелі шолулар жүргізуді үйренді.
- Қазіргі уақытта "Мейіргерлік күтім теориясының мазмұны және дамуы" курсына қатысушылардың үздік өзіндік жұмыстары "Астана медициналық журналының" желтоқсандағы нөміріне және Мейіргер ісін жетілдіру орталығының <https://nursekz.com/> платформасында жарияланатын болады.



Қазақстанның медициналық университеттеріндегі сервис-дизайн

2021 жылғы 6-10 желтоқсан аралығында "Мейіргерлік қызметтерді дамытудағы сервис-дизайн тәсілі" атты мастер-класс өтті. Медициналық жоғары оқу орындарының, сондай-ақ практикалық денсаулық сақтау саласының өкілдері өз жұмысында сервистік-дизайнерлік тәсілді қолдануды үйренді.

Қазіргі уақытта Қазақстанның бес (5) медициналық жоғары оқу орындары (Қарағанды медицина университеті, Астана медицина университеті, Назарбаев Университетінің Медицина мектебі, Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Қазақ Ұлттық Медицина Университеті) қызметтер дизайны бойынша жобаларды іске асырып келеді. Жоба тақырыптары медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымдарында, сондай-ақ өңірлердегі клиникаларда көрсетілетін қызметтерді жақсартуға бағытталған. Таңдалған тақырыптар пациенттердің қанағаттанушылық мәселелерін, клиникаларда ұзақ

күту уақытын, сондай-ақ белгілі бір мейіргерлік емшараларға байланысты пациенттерге келтірілген ыңғайсыздықтар мен қолайсыздықтарды қамтиды. Бұл жобаларды жүзеге асыратын командалар көпбейінді және медициналық университеттердің оқытушылары мен студенттерін, сонымен қатар бас мейіргелер мен аға мейіргерлерді, дәрігерлерді және ең бастысы бас дәрігерлер мен клиника директорларын қамтиды. Жобалар пациенттер мен практик дәрігерлер арасында көпір болады және практик дәрігерлерге пациенттердің тілектері мен дауыстарын естуге көмектеседі деп жоспарланып отыр.

Бүгінгі таңда командалар кемінде бір семинар өткізді, семинарда проблеманы және мақсатты топты, сондай-ақ қызмет алушылардың қажеттіліктерін анықтады. 2022 жылдың тамызына дейін жеті (7) семинар өткізу жоспарлануда: семинарлар кезінде командалар AccelEd жобасы аясында дайындалған және жаңартылған құралдар мен нұсқаулықтарды қолдана отырып, әзірлеу тәсіліне сәйкес жұмыс істейтін болады. Сондай-ақ екі (2) вебинар ұйымдастырылады, онда пәнаралық командалар өздерінің жобалары барысында туындаған проблемалық мәселелерді ұсына алады және басқа командалармен тәжірибе алмасады. Қызмет



дизайнының әрбір жобасының нәтижесінде зерттеу жүргізілетін практикалық денсаулық сақтау ұйымы пациенттерге сауалнама жүргізу арқылы бақыланатын және бағаланатын жақсартылған қызметті ұсынады.

Командалар енгізу бойынша алынған нәтижелер туралы ЖАМК қолданбалы ғылымдар университеті мен Қарағанды медицина Университетінің ұйымдастыруымен 2022 жылғы 26-30 қыркүйекте Нұр-Сұлтан қаласында өтетін "Қазақстанда мейіргерлік қызметтерді дамытуда сервис-дизайнды қолдану" тақырыбындағы екінші мастер-класста хабарлай алады. Егер мастер-класқа қатысқыңыз келсе, бізге хабарласыңыз (байланыс деректері төменде көрсетілген). Байланысушы тұлға: Жұлдыз Қуаныш, қоғаммен байланыс жөніндегі маман, Қарағанды медицина университеті, kuanysh@qmu.kz, +77058283096

II Мастер-класс. Магистрлік және докторлық диссертацияларды бағалау критерийлерін әзірлеу.



Мастер-класс гибриді түрде екі бөлікте ұйымдастырылды, бірінші бөлім 28 және 31 наурызда, 11 және 14 сәуірде онлайн режимінде өтті. Екінші бөлім офлайн режимінде 2022 жылғы 16-18 мамыр аралығында Алматыда өтеді.

Жоғары сапалы мейіргерлік білім тек жақсы мейіргерлік мұғалімдерді ғана емес, сонымен қатар магистрлік және докторлық диссертацияларды бағалау үшін жоғары сапалы процедуралар мен құралдарды қажет етеді. 2.4 жұмыс пакетімен II мастер-класс ұйымдастырылды, оның мақсаты

барлық қазақстандық және еуропалық серіктес университеттерді қоса алғанда, мүдделі тараптардың кең шеңберінен профессорлық-оқытушылық құрамды тарта отырып, магистрлік және докторлық диссертацияларды бағалау өлшемшарттарын әзірлеу болып табылады. Covid-19-ға байланысты мастер-класс наурыз және сәуір айларында болған онлайн бөлігі мен гибриді нұсқаға ауыстырылды. Төрт онлайн-сессия барысында серіктестер бағалау критерийлерінің бірінші нұсқасын әзірледі. Алматыдағы келесі 3 күндік күндізгі сессияларда серіктестер бағалау критерийлерін аяқтайды және мейіргер ісі мұғалімдеріне магистрлік және докторлық диссертацияларды бағалауға көмектесу үшін ұсыныстар жасайды. Мастер-класс кезінде серіктестер әдебиеттермен және үздік халықаралық тәжірибелермен жұмыс жасау барысында алынған мәліметтермен жұмыс істейді. Сондай-ақ, осы жұмысқа қолдау көрсету үшін докторантура саласындағы білім беру бойынша халықаралық сарапшылармен консультациялар өткізілді. Магистр және философия докторы дәрежесін алу үшін бағалау критерийлерін әзірлеу әдебиет негізінде жасалған тоғыз кезеңді тәсілге негізделген. Басшылықтарға арналған критерийлерді әзірлеуге AccelEd серіктестері, оның ішінде оқытушылар, аға қызметкерлер, магистранттар және мейіргер ғылымының PhD докторанттары қатысады.

Біз мамыр айында Алматыда өтетін шеберлік сыныбында серіктестермен кездесуді асыға күтеміз.

**"Қазақстандағы мейіргерлік білім беру, зерттеулер мен практика: мейіргер ісінің болашағына инвестициялар" халықаралық конференциясы
2022 жылғы 19-20 мамыр**



Халықаралық мейіргерлер күніне арналған мейіргер ісі бойынша конференция мейіргер ісі саласындағы ең үздік және білгір басшылар мен мамандарды жинайды. Мейіргерлердің кәсіптік конференциясына қатысу кәсіби өсуге тамаша мүмкіндік береді.

Іс-шараға қатысуға Қазақстан Республикасының барлық медициналық жоғары оқу орындарынан, колледждерінен, сондай-ақ шетелдік университеттерден студенттер, жас ғалымдар, магистранттар, практик мейіргерлер, докторанттар мен оқытушы-профессорлар құрамы шақырылады. Бұл конференция Erasmus+ қоры арқылы ЕО қаржыландыратын "Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінде AccelEd магистратура және докторантура деңгейінде мейіргерлік білім беруді жетілдіру" жобасының бір бөлігі болып табылады.

Конференция бағдарламасы пленарлық отырысты және секциялардағы жұмысты, тақырыптық пікірталастар өткізуді қарастырады.

1-секция. "Білім беру мен практиканың ынтымақтастығы арқылы мейіргер ісін жетілдіру"

Негізгі сұрақтар: Магистрлік және докторлық диссертациялар мен зерттеулер тақырыптары бойынша білім беру мен клиникалық практика арасындағы ынтымақтастықтың озық практикасы; білім беру бағдарламаларын әзірлеудегі ынтымақтастық; клиникалық практика тұрғысынан мейіргерлерді даярлауға қойылатын біліктілік талаптары; Тәлімгерлік.

2-секция "Дәлелдемелі мейіргерлік практика және мейіргер ісіндегі зерттеулер"

Негізгі сұрақтар: Дәлелдемелі мейіргерлік практика; Мейіргер ісіндегі зерттеулер; Клиникалық мейіргерлік нұсқаулықтар; Мейіргерлік практика үшін дәлелдемелі база құру; Зерттеу нәтижелерін практикаға енгізу.

3-секция. "Мейіргерлік күтім сапасын қамтамасыз етудегі заманауи тәсілдер"

Негізгі сұрақтар: Науқастарға мейіргерлік күтім жасау бойынша терапиялық шаралар (манипуляциялар немесе операциялық емшаралар қолдану); Науқастарға күтім жасау сапасы; Медициналық (мейіргерлік) қызмет көрсету; Клиникалық мейіргерлік нұсқаулықтар; Мейіргерлік процесс; Мейіргерлік рөлді дамыту.

Конференция қорытындысы бойынша конференция материалдарының жинағын шығару жоспарда бар.

Мейіргер ісі саласындағы мамандардың кәсіптік көшбасшылығы мен әлеуетін кеңейту

Мейіргер ісіндегі кәсіптік көшбасшылық мейіргерлік білім беру мен клиникалық практиканы дамытудағы маңызды фактор болып табылады. Медициналық университеттің құрылымына нық интеграцияланған жоғары мейіргерлік білім беру мейіргер ісі саласындағы мамандардың әлеуетін айтарлықтай арттыруға қабілетті жаңа білім беру кеңістігін құру үшін негіз болды.



Медицина ғылымын дамытудың қазіргі заманғы үрдістері және қазіргі заманғы медициналық технологияларды енгізу медициналық білім беру жүйесін ұдайы жетілдіруді талап етеді.

«AccelEd – Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінде магистратура және PhD

докторантура деңгейінде мейіргер ісін жетілдіру» жобасы шеңберінде студенттерге, магистранттар мен докторанттарға, оқытушы- профессорлар құрамына тағылымдамалар

көзделген. Тағылымдаманың негізгі мақсаты тәжірибе алу және тәжірибе алмасу болып табылады. Оқытудың бұл нысаны студенттер мен жас мамандарға, сондай-ақ тәжірибелі мамандарға пайдалы. Ал тағылымдама өтетін ұйымда озық практика, озық жоғары технологиялық жабдық және бірегей технологияларға ие жоғары білікті кадрлар жағдайында тағылымдама тәжірибелі мамандар арасында өзекті және сұранысқа ие болады.



Жоба командасы сәттілік және жоспарланған тағылымдамаларда тағылымы мол тәжірибе тілейді.

Күні:

03 қазан-18 қараша,
2022, Финляндия

- Мейіргер ісі мамандығының магистранттарына тағылымдама

Күні:

Қараша, 2023
Литва

- ОПҚ үшін тағылымдама

2022 жылғы оқиғалар күнтізбесі

- ✚ 28 және 31 наурыз (онлайн)
11 және 14 наурыз (онлайн)
16-18 мамыр (оффлайн)

"Мейіргер ісі" мамандығы бойынша магистрлік және докторлық диссертацияларды бағалау және басшылыққа арналған критерийлерді әзірлеу " мастер-классы

Нысаналы аудитория: Мейіргер ісі кафедрасының меңгерушілері мен оқытушылары, диссертациялық жұмыстардың сапасына жауапты құрылымдық бөлімшелердің басшылары, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің өкілдері, ҚР Білім және ғылым министрлігінің өкілдері, білім беру және денсаулық сақтау сапасын аккредиттеу және қамтамасыз ету орталығының өкілдері және AccelEd жобасының серіктестері.

Ұйымдастырушылар: Утрехт университеттік медициналық орталық (Нидерланды) және С. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті.

Өткізілетін орны: Алматы, Қазақстан

Байланысатын тұлға:

Thóra V. Hafsteinsdóttir
t.hafsteinsdottir@umcutrecht.nl

Асель Хасенова

khassenova.assel@kaznmu.kz

Нуриля Ахметкалиева

akhmetkalieva.n@kaznmu.kz

- ✚ 26-28 сәуір (1-бөлім)

"Мейіргер ісі теориясы және денсаулықтың күрделі және ұзақ мерзімді бұзылыстары бар пациенттерді зерттеу" оқыту курсы.

Нысаналы аудитория: Академиялық қызметкерлер мен медициналық жоғары оқу орындарының магистратура және докторантура студенттері қатыса алады.

Ұйымдастырушылар: Университет Або Академи (Финляндия) және " Астана Медицина университеті.

Өткізілетін орны: Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Байланысатын тұлға:

LisbethFagerstrom

lisbeth.fagerstrom@abo.fi

БекбергеноваЖанагуль

zhanna_bekbergen@mail.ru

- ✚ 19-20 мамыр

"Қазақстандағы мейіргерлік білім беру, зерттеулер мен практика: мейіргер ісінің болашағына инвестициялар" тақырыбында мейіргер ғылымы бойынша конференция

Нысаналы аудитория: Оқытушылар құрамы, университет студенттері, әкімшілік қызметкерлер, қауымдастырылған серіктестер мен министрліктердің өкілдері, практикалық денсаулық сақтау өкілдері, университет басшылары қатыса алады.

Ұйымдастырушылар: Або Академи университеті және Астана медицина университеті.

Өткізілетін орны: Нұр-Сұлтан, Қазақстан және онлайн.

Байланысатын тұлға:

LisbethFagerstrom

lisbeth.fagerstrom@abo.fi

Бекбергенова Жанагуль

zhanna_bekbergen@mail.ru

- ✚ 13-17 маусым

"Мейіргер ісіндегі озық сапалы әдістер" тренингі

Нысаналы аудитория: Академиялық персонал, "Мейіргер ғылымы" мамандығы бойынша Phd докторанттар қатыса алады.

Ұйымдастырушылар: Литва денсаулық туралы ғылымдар университеті (Литва), Назарбаев Университетінің Медицина мектебі, Оңтүстік Қазақстан медициналық академиясы.

Өткізілетін орны: Шымкент, Қазақстан.

Байланысушы тұлға:

Aurelija Blaževičienė

aurelija.blazeviciene@ismuni.lt

Paolo Colet

paolo.colet@nu.edu.kz

Алма Ахметова

alma_ukgma@mail.kz

✚ 8-9 маусым (2-бөлім)

«Мейіргер ісі теориясы және денсаулықтың күрделі және ұзақ мерзімді бұзылыстары бар пациенттерді зерттеу» оқыту курсы шеңберінде онлайн-семинар

Нысаналы аудитория: Академиялық қызметкерлер, студенттер, медициналық мекемелер қатыса алады.

Ұйымдастырушылар: Университет Або Академи және Астана медицина университеті.

Өткізілетін орны: онлайн.

Байланысатын тұлға:

LisbethFagerstrom

lisbeth.fagerstrom@abo.fi.

БекбергеноваЖанагуль

zhanna_bekbergen@mail.ru

✚ 26-30 қыркүйек

Мастер-класс "Қазақстанда мейіргер қызметтерін дамытуда сервистік дизайнды қолдану"

II бөлім

Мақсатты аудитория: Академиялық қызметкерлер, студенттер, медициналық мекемелер қатыса алады.

Ұйымдастырушылар: JAMK қолданбалы ғылымдар университеті және Қарағанды медицина университеті.

Өткізу орны: Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Байланысатын тұлға:

HeikkiläJohanna

johanna.heikkila@jamk.fi

Жұлдыз Қуаныш

kuanysh@kgmu.kz.

✚ 7-11 қараша

II "Мейіргер ісіндегі озық сапалы әдістер" тренингі

Мақсатты аудитория: Академиялық қызметкерлер, "Мейіргер ғылымы" мамандығы бойынша Phd докторанттар қатыса алады.

Ұйымдастырушылар: Литва денсаулық туралы ғылымдар университеті, Назарбаев Университетінің Медицина мектебі.

Өткізу орны: Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Байланысатын тұлға:

Aurelija Blaževičienė

aurelija.blazeviciene@ismuni.lt

PaoloColet

paolo.colet@nu.edu.kz.

Байланыс**Үйлестірушілер**

Юрате Мацяяускене, жоба үйлестірушісі
jurate.macijauskiene@ismuni.lt

Живиле Кеpezинскене, жоба менеджері
zivile.kepezinskiene@ismu.lt

Редакторлық команда

Астана медицина университеті,
қ. Нұр-Сұлтан, Бейбітшілік көш., 49А
acceled.nursing@gmail.com

Айжан Байтуганова

baituganova.an@mail.kz

Динара Қожахметова

kozahmetova.d@amu.kz

Парақшаларымызға тіркеліңіздер

project-acceled.com



AccelEd Project



@acceled.nursing



@acceled.nursing

2022 жылғы шығарылым кестесі: Наурыз, Қазан айлары